ЖШС "ALTAIR kids" балабақшасы

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: 23 мамыр 2026 жыл

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстың басым бағыттары.
2. Жадынама: «Жазғы демалыс кезінде балалар қауіпсіздігі туралы».
3. Қорытынды сауалнама.
4. Ағындағы мәселелер. «Қош бол, балабақша!» ертеңгілікті өткізу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша басшысы Естемесова Н. жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыстың басым бағыттарына тоқталды. Балабақшадағы жазғы сауықтыру кезеңі (маусым, шілде, тамыз) — балалардың денсаулығын нығайтуға, ағзасын шынықтыруға және танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған ең тиімді уақыт. Бұл кезеңдегі жұмыстар негізінен таза ауада өткізіледі және білім беру жүктемесі азайтылып, ойын мен спорттық шараларға басымдық беріледі. балабақшадағы жазғы сауықтыру жұмыстарының мазмұны төмендедей құрылымда ұйымдастырылады:

1. Ұйымдастырушылық жұмыстар

- Бұйрықтар шығару: Жазғы кезеңнің жұмыс жоспарын құру, бекіту.
- Нұсқаулықтар жүргізу: Қызметкерлерге бала өмірінің қауіпсіздігі, жарақаттанудың алдын алу және алғашқы көмек көрсету бойынша нұсқаулық беру.
- Ауланы дайындау: Ойын алаңдарын ретке келтіру, құм салғыштарға таза құм әкелу, көлеңкелі шатырларды әрлеу.

2. Денсаулық сақтау және шынықтыру бағыты

- Таза ауадағы шаралар: Балаларды таңертең далада қабылдау, таңғы жаттығулар мен спорттық ойындарды ашық аспан астында өткізу.
- Шынықтыру емшаралары: Күн көзіне қыздырыну, жалаң аяқ жүру жолдарымен жүру, қол-аяқты салқын сумен жуу.
- Ауызсу режимі: Балалардың су ішу режимін қатаң бақылау, серуенге таза су шығару.
- Дұрыс тамақтану: Мәзірге жас көкөністер, жеміс-жидектер мен шырындарды көбірек қосу.

3. Оқу-тәрбие жұмыстары (Ойын нысанында)

- Қимыл-қозғалыс ойындары: Ұлттық қозғалмалы ойындар («Ақсерек-көксерек», «Орамал тастамақ»), эстафеталар, доппен және секіртпемен ойындар.
- Экологиялық тәрбие: Бақшадағы өсімдіктер мен гүлдерді күту, жәндіктер мен құстарды бақылау, экологиялық соқпақтармен саяхат жасау.
- Шығармашылық жұмыстар: Құммен және сумен эксперименттер жасау, асфальтта бормен сурет салу, табиғи материалдардан бұйымдар жасау.
- Мәдени-сауық шаралары: Ертегілер терапиясы, қуыршақ театры, музыкалық және спорттық мейрамдар ұйымдастыру.

4. Ата-аналармен бірлескен жұмыс

- Кеңес беру: Ата-аналарға баланың жазғы демалысын ұйымдастыру, күн өту мен ішек инфекцияларының алдын алу туралы парақшалар тарату.
- Көрмелер мен байқаулар: «Жайдарлы жаз» тақырыбында отбасылық фотокөрмелер немесе қолөнер бұйымдарының байқауын өткізу.

Екінші мәселе бойынша, балалардың жаз мезгілінде ата-аналарымен, туыстарымен, достарымен демалуын ұйымдастырған кезде олардың дендері сау және өмірлеріне қауіп төнбеу үшін бірқатар ережелер мен шарттарды есте сақтау қажеттігі айтылды. Осы тұрғыда балалардың өмірін сақтауға көмектесетін маңызды ережелерді түсіндіре отырып, балалармен жеке әңгімелер жүргізіп отыруын сұрады. Кешке және түнде (22.00-ден 6.00-ге дейін) балалар мен жасөспірімдерге ересектердің еріп жүруінсіз көшеге шығуға заң жүзінде тыйым салынатынын ескертті. Балалардың бейтаныс адамдарымен сөйлесуге жол бермей, қандай да жағдай болмасын, бейтаныс адамдармен бірге көлікке отыруға болмайтынын ескерту керектігін айтты. «Жазғы демалыс кезінде балаңыз суда шомылғанда, одан көзіңізді алмаңыз, себебі кез келген бір минут уақытыңыз үлкен қайғы-қасіретке айналуы мүмкін;балаларға жалғыз суға түсуге немесе бейтаныс жерде суға түсуге болмайтындығын міндетті түрде түсіндіріп беруді ұмытпаңыз» - деп, нықтады.

Ата-ана құқықтарын жүзеге асыру кезінде ата-аналар балаларының физикалық және психикалық денсаулығына, олардың адамгершілік дамуына зиянын келтіруге құқығы жоқ. Балаларды тәрбиелеу әдістері балаларға немқұрайлылық, қатыгездік, дөрекілік, ар-намысты қорлайтын қатынасты, зорлық-зомбылықты немесе қанауды болдырмауы тиіс екені ҚР «Бала құқығы туралы» 49 бабында көрсетілгені айтылды.

Шешімі:

1. Ата-аналарға «Жазғы демалыс кезінде балалар қауіпсіздігі туралы» жадынамамен таныстырылсын.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша, ата-аналардан қорытынды сауалнама алынып, шынайы жауап берулері сұралды. Сонымен қатар, ата-аналардың жауабы балабақшаның алдағы жылдағы жылдық міндеттемесіне арқау болатыны айтылды. Ата-аналар 17 сұрақтан тұратын сауалнамаға 10 минут көлемінде жауап берді.

Шешімі:

1. Ата-аналардың сауалнамасының қорытындысы шығарылсын. Жауапты: әдіскер.

3.**Тыңдалды:**

Төртінші мәселе бойынша, «Қош бол балабақша» ертеңгілікті өткізу мәселесі қозғалды. Ағымдағы мәселелерге ата-аналар тарапынан қарсылықтар болған жоқ.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Естемесова Н.



Жазғы демалыс кезінде балалар қауіпсіздігі туралы ата-аналар үшін жадынама

Құрметті ата-аналар!

Жазда, демалыстың басталуымен біздің балалардың жолдарда, су айдындарында, орманда, ойын алаңдарында, бақшада, аулаларда болуларына байланысты өмірлеріне қауіптілік артады. Бұған ауа-райы, жазғы сапарлар және балалардың қызығушылығы, бос уақыттың қол жетімділігі, ең бастысы, ересектер тарапынан тиісті қадағалаудың болмауы ықпал етеді. Балалардың ата-аналарымен, туыстарымен, достарымен демалуын ұйымдастырған кезде олардың дендері сау және өмірлеріне қауіп төнбеу үшін бірқатар ережелер мен шарттарды есте сақтау қажет. (саяжайда немесе ауылда әжесімен бірге):

- ✓ балалардың жеке қауіпсіздік дағдыларын қалыптастырыңыз;
- ✓ балалардың өмірін сақтауға көмектесетін маңызды ережелерді түсіндіре отырып, балалармен жеке әңгімелер жүргізіңіз;
- ✓ балалардың бос уақыты туралы мәселені шешіңіз;
- ✓ есіңізде болсын! Кешке және түнде (22.00-ден 6.00-ге дейін) балалар мен жасөспірімдерге ересектердің еріп жүруінсіз көшеге шығуға заң жүзінде тыйым салынады;
- ✓ балаңыздың қай жерде және кіммен жүргендігін үнемі біліп отырыңыз, балалардың болатын жерін бақылаңыз;
- ✓ бейтаныс адамдармен сөйлесугежолбермеңіз. Балаңызға«біреу» зиянкелтіргісікелгенжағдайда, кез-келгенадамғаәрдайым «жоқ» депайтуғатолыққұқығы бар екенінтүсіндіріңіз;
- ✓ балаңызға қандай да жағдай болмасын, бейтаныс адамдармен бірге көлікке отыруға болмайтынын түсіндіріңіз;
- ✓ балаңыздың қандай да бір жасаған қылығына қарамастан, сіз бұл оқиға туралы білуіңіз керек, ашуланбаңыз, әрқашан оның жағын ұстаңыз. Кейбір фактілерді құпия ұстауға уәде берсе де, оларды ешқашан құпия ұстауға болмайтынын түсіндіріңіз;
- ✓ суда жүзу және суда ойнау, рахаттанумен қатар, балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Балаңыз суда шомылғанда, одан көзіңізді алмаңыз, себебі кез келген бір минут уақытыңыз үлкен қайғы-қасіретке айналуы мүмкін;балаларға жалғыз суға түсуге немесе бейтаныс жерде суға түсуге болмайтындығын міндетті түрде түсіндіріп беруді ұмытпаңыз;

- ✓ шомылатын балаларды қарайтын ересек адам өзі жүзе білуі керек, алғашқы медициналық көмек көрсете алатындай болуы керек, жасанды тыныс алу және кеуде қуысына массаж жасайтын әдістерімен таныс болуы қажет;
- ✓ жаман әдеттерден (алкоголь, темекі, есірткі), азғындыққа және қоғамға жат әрекеттерден аулақ болыңыз;
- ✓ адам тұрмайтын иесіз үйлерге кіруге болмайды;
- ✓ жол-көлік оқиғасының құрбаны немесе кінәлісі болмау үшін балаларға жол ережелерін үйретіңіз, оларды жолда және қоғамдық көліктерде өте сақ болуға үйретіңіз;
- ✓ балалармен ойын немесе спорт алаңында, серуенге шыққан кезде барлық қауіпсіздік талаптарын сақтап, сақ болыңыз;
- ✓ балаңызбен бірге велосипед тебу ережелерін оқып үйреніңіз;
- ✓ Есіңізде болсын! 14 жасқа толмаған балаларға автомобиль жолдарында және оларға теңестірілген жолдарда велосипедпен жүруге тыйым салынады.
- ✓ отпен өте сақ болыңыз. Балаларға отпен ойнауға болмайтындығы туралы, оттың тілсіз жау екендігі және абайсызда қарамау салдарынан жиі кездесетін өрттер туралы білім беру:
- ✓ отпенойнайтынбалалар;
- ✓ сөндірілмеген шоқтар, шлак, күл, от;
- ✓ сөндірілмей қалған шылым қалдықтары, сіріңке;
- ✓ саяжай иелерімен қоқыстарды бақ аумағанда немесе ағаш бауырында жағу;
- ✓ шөпті күйдіру, қысқа тұйықталу, электр құрылғыларын, тұрмыстық техниканы, пештерді пайдалану.
- ✓ балалар жаратылысынан елеңсіз және сенгіш болатындығын ұмытпаңыз. Балалардыңназарышашыраңқыболуымүмкін. Сондықтан сіз балаңызға қарапайым мінез-құлықережелерін жиі еске түсірсеңіз, соғұрлым ол оларды есінде сақтап, қолдана алады. Сіз оларды үнемі еске салып отыруыңыз керек.
- ✓ балаңыздың әлеуметтік желідегі және Интернеттегі әрекеттерін қадағалаңыз.

Ата-ана құқықтарын жүзеге асыру кезінде ата-аналар балаларының физикалық және психикалық денсаулығына, олардың адамгершілік дамуына зиянын келтіруге құқығы жоқ. Балаларды тәрбиелеу әдістері балаларға немқұрайлылық, қатыгездік, дөрекілік, ар-намысты қорлайтын қатынасты, зорлық-зомбылықты немесе қанауды болдырмауы тиіс. (ҚР «Бала құқығы туралы» 49 бабы).

Ата-аналардың баланы тәрбиелеу және оған білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері

Ата-аналардың барлық өзге адамдар алдында баласын тәрбиелеуге басым құқығы бар.Бала тәрбиелеуші ата-аналар оның дене бітімі, психикалық, адамгершілік жағынан және рухани дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады.

Жазғы демалыс кезінде ата-ана баланың өмірі, қауіпсіздігі үшін толық жауапкершілікті өздеріне алады. Ата-аналардың үлгісі - балалардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын табысты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі болып табылады.

Балаларыңыздың демалысы жақсы және қауіпсіз өтуіне қолынан келетін барлық жағдайды жасауыңызды сұраймыз.

Құрметпен, ЖШС "ALTAIR kids" балабақшасы әкімшілігі.

Құрметтіата-аналар!
Сіздерден мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мекемесінің қызметін бағалауға белсенді қатысуыңызды сұраймыз.

1. Балаңыздың жасы қаншада және қандай жас шамалық топта жүрсіз?

---

2. Балаңыз балабақшаға барғанда: (сызып көрсетіңіз)
   - Өз еркімен барады;
   - Жылап, айқайлап барады;
   - Жиі жылап барады;
   - Көңілсіз;
   - Балабақшаға барғысы келмейді;

3. Сіздің балаңыз өзінің тегін, аты-жөнін, ата-анасының атын, тұратын мекен-жайын, үй телефон нөмерін біледі ме?
   - Атын біледі;
   - Аты жөнін, тегін біледі;
   - Аты жөнін, тегін және ата-анасының есімдерін біледі;
   - Аты жөнін, тегін және ата-анасының есімдерін, тұратын мекен жайын біледі;
   - Аты жөнін, тегін, ата-анасының есімдерін, тұратын мекен-жайын және телефон нөмерін біледі;

4. Сіздің балаңыз амандаса ма?

Үлкендермен
Құрдастарымен

5. Сөйлеу барысында сіздің балаңыз қолданылатын сөздердің астын сызыңыз.

(берші, рахмет, қажет емес, мархабат, ендігіде қайталанбайды, кешіріңіз, бер, алып кел)

6. Сіз балабақша туралы ақпаратты аласыз:
   - МДМ ақпараттық көрнекілік құралынан;
   - Тәрбиешілерден;
   - Өзге ата-аналардан;
   - Бақша басшысынан;
   - Баладан;
   - Ақпарат алмаймын;

7. Сіздің балаңыз білетін түстердің астын сызыңыз.

қызыл,сары,ақ, жасыл, сиякөк, көк, қара, қоңыр, көгілдір, күлгін, тоқсары, т.б

8. Сіздің балаңыз қандай геометриялық пішіндерді біледі?

Шаршы, тіктөртбұрыш, дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, трапеция

9. Сіздің балаңыз білетін жыл мезгілдерінің астын сызыңыз:
Қыс, көктем, жаз, күз

10. Сіздің балаңыз келесі ұғымдарды меңгерген ба?
Көп-аз, алыс-жақын, биік-аласа, кең-тар

11. Сіздің балаңыз қаншаға дейін санауын біледі, соның астын сызыңыз:
1ден 3-ке дейін, 3-тен 1-ге дейін
1-ден 5-ке дейін, 5-тен 1-ге дейін
1-ден 10-ға дейін, 10-нан 1-ге дейін

12. Сіздің балаңыз қандай шығармалар мен ертегілерді біледі?

13. Сіздің балаңыз қанша тақпақты жатқа біледі? ----------

14. Сіздің балңыз сурет салуды жақсы көре ма? Қарындашпен, фломастермен, гуашь, акварелді бояумен (астын сызыңыз)

15. Сіздің балаңыз бөлме өсімдіктерін күте ма? Балаңыз бақтағы күші келетін жұмыстарға қызығушылық білдіреді ма?

16. Сіздің балаңыз қоғамдық орындарда өз-өзін ұстау нормасын меңгерген ба?

17. Сіздің балаңыз немен айналысқанды жақсы көреді: пазл жинағанды, шаршымен (кубик) легомен, құрылыс материалдарымен ойнағанды.
Аты-жөніңіз ----------

Сауалнамаға белсенді қатысқаныңыз үшін көп рахмет!!!